

**М.Ф. Ахундов атындағы Әзірбайжан Ұлттық кітапханасы және  
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы арасындағы  
ынтымақтастық туралы  
Келісім**

8 қараша 2013 жылы.

Алматы қаласы

**М.Ф. Ахундов атындағы Әзірбайжан Ұлттық кітапханасы тарапынан, директор Тахиров Керим Магомед оғлы және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы тарапынан, бас директор Балабекова Гулиса Кабаровна, өзара ынтымақтастық туралы Келісім жасасты:**

**1. Жалпы ереже**

1.1 Осы Келісімнің мақсаты – кітапхана ісін, ғылымды, мәдениетті дамыту мүддесі үшін, Әзірбайжан Республикасының және Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігін құруға және оны қолдауға ұлттық кітапханалар әлеуетін пайдалану;

1.2. Келісім екі кітапхананың ынтымақтастығы мен серіктестігінің ашықтығына және өзара ақпараттандырылғандығына, әрқайсысының құқықтарына, дәстүрлеріне және ерекшеліктеріне құрметті қарым-қатынас теңдігіне негізделген;

1.3. Келісім кітапханалардың өзара әрекеттестігін ұйымдастырудың жалпы мәселелерін Әзірбайжан Республикасының және Қазақстан Республикасының құқықтық нормаларына сәйкес реттейді.

Келісім мыналар арқылы жүзеге асырылады:

1. Екі жақты деңгейде кітапхана қызметіне қатысты бірлескен мақсатты және басқа да бағдарламаларды құрастыруға, жылдық және ұзақ мерзімді жоспарларды келісуге қатысуға, есептерді және басқа да құжаттарды ұсыну;

2. Бірлескен шараларды өткізу, өзара мүддені көздейтін мәселелерді талқылау;

3. Келісім кітапханалардың Әзірбайжан Республикасында және Қазақстан Республикасында, сонымен қатар шет елдерде кез-келген басқа кітапханалармен, мекемелермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен келісім жасауға және қызметін үйлестіруге кедергі келтіре алмайды.



## **2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары**

2.1. М.Ф.Ахундов атындағы Әзірбайжан Республикасының Ұлттық кітапханасы және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы оқырман сұранысын қанағаттандыру мақсатында кітап қорын баспа және электронды құжаттармен, басқа да материалдармен толықтыруға тұрақты түрде өзара көмек көрсетуге келіседі.

2.2. Қордың жетіспеушілігін толықтыруды жүзеге асырады: кітапханалардың бірінің қорында жоқ құжаттардың тізімімен алмасу, құжаттармен алмасу, құжаттардың көшірмелерімен алмасу.

2.3. Тараптар оқырмандардың сұранысы бойынша кітап алмасу және баспа басылымдарының электронды көшірмелерімен алмасу туралы бағдарламалар құрастырады.

2.4. Тараптар жүзеге асыру үшін бірлескен зерттеулік, баспалық және басқа да жобаларды дайындайды және ұсыныстар жасайды.

### **3. М.Ф.Ахундов атындағы Әзірбайжан Республикасы Ұлттық кітапханасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының күш-жігерін бірлестіру арқылы үздіксіз кәсіби білім беру бөлігі бойынша:**

3.1. Кітапхана ісі саласы бойынша технологияларды, жаңа әдістерді игеру үшін:  
- өзара мамандармен алмасу;  
- тәлімгерліктер, жаттығулар, семинарлар, конференциялар және т.б. өткізу арқылы бағдарламалар құрастырады.

3.2. Форумдарды, жіберу парақтарын, кәсіби чаттарды, вебинарларды, видеоконференцияларды пайдалану арқылы виртуалды қауымдастық құру жұмыстарын жүргізеді.

### **4. М.Ф.Ахундов атындағы Әзірбайжан Республикасы Ұлттық кітапханасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының күш-жігерін бірлестіре отырып, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-ұйымдастыру қызметі бөлігінде:**

4.1. Дербес түрде жүргізілген ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру бойынша алынған нәтижелер туралы ақпараттармен, кітапханатану мәселелері бойынша және өзара қызығушылық тудыратын мемлекеттік жобалардың материалдарымен алмасуды жүзеге асырады.



4.2. Тараптардың ынтымақтастық нәтижелері бойынша бірлескен жарияланымдар дайындауға, БАҚ-на ақпараттар беруге, жұртшылықты Интернет арқылы ақпараттандыруға мүмкіндіктері бар.

## 5. Келісімнің әрекет мерзімі

5.1. Осы Келісім бес жылға жасалады. Тараптардың әрқайсысы қарсы Тарапты 3 (үш) ай бұрын хабарландыруға міндеттілігі арқылы Келісімді бұзуға құқылы. Егер Келісімді бұзу туралы тапсырыс түспесе, Келісім автоматты түрде келесі бес жылға созылады.

5.2. Осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар екі жақтың жазбаша келісімі бойынша енгізіледі.

5.3. Келісім қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі данада жасалған және Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан. Барлық даналар бірдей және бірдей заңды күшке ие.

Келісім Тараптардың екі жағы қол қойған мезеттен бастап күшіне енеді.

## Тараптардың мекен-жайлары және реквизиттері:

М.Ф.Ахундов атындағы  
Әзірбайжан Республикасының  
Ұлттық кітапханасы  
370601, Баку қ., Әзірбайжан  
Хагани көшесі, 29  
тел./факс: +994(12)498-08-22  
E-mail: [anl@az.net.org](mailto:anl@az.net.org)

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық кітапханасы  
050013, Алматы қ., Қазақстан  
Абай даңғылы, 14  
тел./факс: +(727)267 28 83  
E-mail: [org@nlrk.kz](mailto:org@nlrk.kz)

Директор



Тахиров К.М.

Бас директор



Балабекова Г.К.